

## **Қызылқоға ауылдық округі, Қарабау ауылының шекарасын белгілеу туралы**

Атырау облысы Қызылқоға ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № 295 қаулысы және Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № LX-6 бірлескен шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 11 желтоқсанда № 4804 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 3) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6, 31 баптарына сәйкес, Қызылқоға ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қызылқоға аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. Жалпы аумағы 337,54 гектар және ұзындығы 7635,728 метр болып Қызылқоға ауылдық округі, Қарабау ауылының шекарасы осы бірлескен қаулының және шешімнің қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің орындалуын қадағалау аудан әкімінің орынбасары (Ж. Тұрдағалиев) және аудандық мәслихаттың заңдылықты сақтау, депутаттық этика және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына ( төрағасы А. Алтыбаев) жүктелсін.


3. Осы бірлескен қаулы және шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылқоға ауданының әкімі  
Сессия төрағасы  
Аудандық мәслихат хатшысы*

*Н. Бисембиев  
А. Баймуратова  
Т. Бейсқали*

Қызылқоға ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 3 желтоқсаны № 295 мен Қызылқоға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 желтоқсаны № LX-6 бірлескен аудандық әкімдіктің қаулысы мен аудандық мәслихаттың шешіміне қосымша

**Атырау облысы Қызылқоға ауданы Қызылқоға ауылдық округі, Қарабау ауылының әкімшілік шекарасының жоспары**



**Аймақ балансы**

Алаңы бойынша	337,54
Оның ішінде: пайдаланудағы шекарада	187,32
Елді мекен шеіне қосымша өнетіндер	150,22

**Шартты белгілер**

-  елді мекеннің жобалану шекарасы
-  елді мекеннің салынған шекарасы
-  жолдар

Қызылқоға ауылдық округі Қарабау ауылы шекарасының жалпы аумағы- 337,54 гектар

Шекарасының ұзындығы – 7635,728 метр

Аудан әкімі

Аудандық мәслихат хатшысы

Н. Бисембиев

Т. Бейсқали

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК